Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 135-136

МАМЫҚТЫ-ҮЛПІЛДЕК ЖҮНДІ АҢ ТЕРІЛЕРІН АЛҒАШҚЫ ӨҢДЕУ ШАРАЛАРЫН ЖАҚСАРТУ ЖОЛДАРЫ

Баратова А.

Жануарларды сойып, терісін сыпырып алған соң оның құрамындағы белоктар, майлар, ферменттер мен сулар микроорганизмдердің дамуына қолайлы мүмкіндік беріп, тері ұлпасының бет жағындағы, сондай-ақ ішкі қабатындағы белокты бөлігін бұлдіреді. Теріде әрқашанда белгілі мөлшерде микроорганизмдер кездеседі. Жас терінің 1г бөлігінде ондаған, тіпті жүздеген миллион микробтар болуы мүмкін. Әсіресе лас теріде микроб көп, 1г қида 43 млн микроб болатындығы дәлелденген.

Терідегі микрофлора алуан түрлі. Мұнда 0^0 градусқа жуық температурада дамитын мироролганизмдер де, 10-15^0 градустан төмен температурада тіршілік ететіндері де болады. Соның біреуі (аэробты) ауа енгенде ғана дамиды, ал екінші біреуіне (анаэробты) өсіп-өнуі үшін ауаның енуі міндетті емес.

Бактериялар өзінің тіршілік әрекетінде теріні ыдыратады, дерманың және ондағы жасуша элементтерінің құрылымын бұзады, ал мұның өзі тері ұлпасының сапасын кемітіп, жүннің байланысын әлсіретеді.

Қолайлы температура жағдайында, ылғал жеткілікті болғанда бұл бактериялар тез арада өсіп-өнеді. Олардың бұлдіру әрекеті әуелі тері бетінде басталып, оның терең қабатына жайылады, сөйтіп шіріген иіс шығарады. Мұндай процесті шіріп ыдырау немесе шіру деп атайды.

Бактериялар бөлген ферменттердің әсерінен терінің ұлпа, жасушалары бүлінеді, немесе автолизге ұшырайды да, мұның өзі шірумен аяқталады. Егер автолиз және шіру процестерін дер кезінде тоқтатпаса немесе барынша баяулатпаса, онда тері тез арада құнын жояды.

Осындай процестердің нәтижесінде терінің өзгерген сапалық қасиетін, яғни бүлінген теріні ешқандай технологиялық амалдармен қалпына келтіру мүмкін емес.

Әсіресе мамықты үлпілдек жүнді аң терісінің торлы қабаты жұқа, емізікті қабаты қалың болатын себепті ондағы жүн талшықтарының босап қалу процесі жедел жүріледі. Сондықтан мамықты үлпілдек жүнді жануарлар терісін алғашқы өңдеу шараларын дер кезінде, дұрыс жүргізудің маңыздылығы аса жоғары болып саналады.

Осы ғылыми баяндамада мамықты-үлпілдек жүнді аң терілерінің тауарлық сапасын қорғау яғни алғашқы өңдеу іс-шараларын жүзеге асырудың ғылыми негіздері қарастырылған.